# Шалғын өсімдіктері мен жануарлары

Қоршаған орта – табиғат
Жануар,өсімдік, адамзат
Сүю, қорғау – парасат
Білейік мұны жамағат!

- Жұмбақ Өзіне шап-шақ, Киген қалпағы аппақ, Балалары тұр қаптап. ........

- Саздауыт жерде өседі, Хош иісі аңқыған, Шипа өсімдік деседі ...........

- Шөптесін өсімдіктер жаз бойы жайқалып өсетін ылғалы жеткілікті шағын үлескілерді, әдетте – көгал, ал аумағы жағынан үлкендерін – шалғын дейді. Шалғындар, көбінесе, көктемде тасыған су жайылатын өзен аңғарларын, көл жағаларын, тау етектерін алып жатады. Сонымен, шалғынды жазықтан да, өзен аңғарынан да және таудан да кездестіруге болады. Құлпырған көк шалғын ерекше көз тартады. Жаздың шайдай ашық, ыстық күнінде шөп арасынан гүлдер жайнап, таңғажайып әсем көрініс туғызады. Мұндағы тік өскен кесте жусан, шалғындық жоңышқа, қылтанақсыз арпабас, шалғындық атқонақ, жұпаргүл, күреңот, тышқанбұршақ сияқты алуан, түрлі-түсті гүл күлтелері көздің жауын алады.

- Шалғында өсетін өсімдіктерді ата.
- Пішен дайындалатын шалғынды не деп атайды?
- Шалғында кездесетін жануарларды ата.

# Үйге:

- Шалғын өсімдіктері және жануарларына жеке-жеке сипаттама беру